

«Қарағанды облысының

экономика басқармасы»

ММ басшысының

2022 жылғы «___» _____

№ ___ бүйріғына қосымша

«Қарағанды облысы Әділет департаменті» ММ
20 22 ж. «07» 06

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА
мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді
БСН 050 440 003 334
Алғашқы тіркелген күні 2023ж. «19» 04

«Қарағанды облысының

экономика басқармасы»

ММ басшысының

2021 жылғы 8 қантардағы

№ 4 бүйріғымен

БЕКІТІЛГЕН



**«Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім
бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін
мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

Мемлекеттік мекеменің 2021 жылдың 8 қантардағы № 4 бүйрігімен
бекітілген «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін
мектебі» коммуналдық мекемесінің орталық жері Қызылорта Ресейбекіле
ауданындағы облыс. Осакаров ауданы, Сарынек рудниктік ауданы
Сарынек ауылы, Шоктау кешесі, Истимаралы ауылдарында орналасқан.

2-шары. Мемлекеттік мекеменің жарғысында

Мемлекеттік мекеменің 2021 жылдың 8 қантардағы № 4 бүйрігімен бекітілген «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мекемесінің атауы бар болып көрсетілген болады.

Мемлекеттік мекеме басқармасының 2021 жылдың 8 қантардағы № 4 бүйрігімен бекітілген «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мекемесінің атауы бар болып көрсетілген болады.

Мемлекеттік мекеме басқармасының 2021 жылдың 8 қантардағы № 4 бүйрігімен бекітілген «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мекемесінің атауы бар болып көрсетілген болады.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. «Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) осы жарғыда көрсетілген тиісті функцияларды жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қантардағы №01/01 «Қарағанды облысының білім бөлімдері мен білім ұйымдарын қайта атау туралы» қаулысымен құрылды.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы: Қарағанды облысының әкімдігі.

5. Мемлекеттік мекеменің басқару органы: Қарағанды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің мемлекеттік (қазақ) тілдегі атауы: «Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа имени Ахмета Байтурсынулы» отдела образования Осакаровского района управления образования Карагандинской области.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 101020, Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Сарыөзек ауылдық округі, Сарыөзек ауылы, Школьная көшесі, 10 ғимарат.

2-тaraу. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлөрі болады.

9. Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекеменің ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе

Қарағанды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім бөлімі» ММ тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні: жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің мудделері үшін оқыту және тәрбиелеу; баланың жеке басының жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау; білім алушылардың өз бетінше білім алуға және қосымша білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген азаматтардың белгіленген жалпыға міндетті білім беру стандарттарын тегін орта білім алу құқығын іске асыру;

2) жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы менгеруді қамтамасыз ету;

3) мәдениет деңгейі жоғары, қоғам өміріне бейімделген, терендептілген және кеңейтілген білім беру бағдарламаларын саналы түрде тандауға және игеруге дайын зияткерлік тұлғаны қалыптастыру;

4) кәсіптік оқытуға бағытталған пәндер бойынша оқушыларды даярлау.

14. Мемлекеттік мекеме өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: бастауыш, негізгі және жалпы орта, қосымша білім беру. Мемлекеттік мекеме мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында білім беру қызметтерін көрсетеді (шагын орталық, мектепалды сыныптар). Қызметтің барлық түрлері «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы №202 Заңында көзделген рәсімдер орындалғаннан кейін көрсетіледі.

Мемлекеттік мекеме қызметінің негізгі міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау арқылы зияткерлікті байту;

3) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына, Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне

кательсү қажеттіліктерін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы кезқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқының және республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдем-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шетел (ағылшын, неміс) және басқа да тілдерді менгеру;

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мэртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі болып табылады;

8) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, қашықтықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

9) жалпы оқыту, жұмыс орны бойынша оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамда өзінің жеке әлеуетін барынша пайдалануға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйесін дамыту;

10) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

11) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың білім алуы үшін арналы жағдайлар жасау;

12) дамыта оқытудың жаңа мазмұнын, оны енгізу жөніндегі нысандар мен әдістерді іздестіру, әзірлеу, эксперименттік оқу жоспарларын, бағдарламалары мен факультативтік курстарын байқаудан өткізу. Оқу процесін ұйымдастыру, басқару осы жарғыға сәйкес жүзеге асырылады;

13) оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген және жалпыға міндетті негізгі және қосымша бағдарламаларды игеруді іске асыратын оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеменің бағдарламалары мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің Үлгілік бағдарламаларына сүйенеді;

14) мемлекеттік мекеме «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған шекте оқыту нысандарын, құралдары мен әдістерін дербес тандауда. Мемлекеттік мекеменің білім беру процесін жүзеге асыру үшін жылдық жұмыс оқу жоспарын және оқу сабактарының кестесін әзірлейді және бекітеді;

15) мемлекеттік және орыс тілдері оқыту тілі болып табылады;

16) жұмыс оқу жоспарының вариативтік бөлігі:

- жеке тандау, жеке даму бағдарламасы, оқытудың инновациялық технологияларын қолдану;

- мекеменің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін пәндерді дамытатын жаңа оқу бағдарламаларын енгізу;

- тұлғаның жалпы мәдени дамуына ықпал ететін, дүниетаным мен гуманистік сананы қалыптастыратын, шындықты танудың әмбебап тәсілдерін

менгеруге, білім алушылардың ойлау қызметін дамытуға бағытталған пәндер мен курстарды енгізу;

17) мемлекеттік мекеменің құрылымы:

- акимшілік (директор және оның орынбасарлары);

- адістемелік кеңес, педагогикалық кеңес, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес, қамкоршылық кеңес, жалпы мектептік ата-аналар комитеті, сыйыптық ата-аналар комитеті, пәндік әдістемелік бірлестіктер;

- сыйыбы, тобы - мемлекеттік мекеменің негізгі құрылымдық бірлігі;

18) білім деңгейлері:

- бастауыш білім беру (1 - 4-сыныптар) негізгі стратегиялық бағыт кіші оқушының жеке қабілеттерін ашуға, қызметтің негізгі салаларында бастапқы бағдарлауды және оқытудың оң уәждемесі негізінде шығармашылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыруға, балалардың психофизикалық, зияткерлік және музыкалық дамуы үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін дамытушылық оқыту болып табылады. Оқу бағдарламасын менгеру мерзімі - 4 жыл;

- негізгі орта білім беру (5 - 9 сыныптар) білім беру мазмұнын жаңартуға бағытталған Базалық әмбебап білім беруді қамтамасыз етеді, неғұрлым күрделі танымдық процестерге өту үшін арнайы біліктер мен дағдыларды қалыптастырады; жалпы дамыту және арнайы курстарды таңдауды қамтамасыз етеді, оқушылардың жеке оқыту жүйесін құруға мүмкіндік жасайды. Азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайши және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу. Білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету. Негізгі орта білім жалпы орта білім алу үшін негіз болып табылады. Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады. Негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын менгеру мерзімі-5 жыл;

- жалпы орта білім беру (10-11 сыныптар) білім алушының танымға деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуды, оқытуды саралау негізінде өзіндік оқу іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Міндетті пәндерге қосымша жеке тұлғаның қызығушылықтарын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін іске асыру мақсатында білім алушылардың өздері таңдаған пәндер, яғни гуманитарлық немесе жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша бейіндік оқыту енгізіледі. Жалпы орта білім бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік (қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша) және жоғары кәсіптік білім алу үшін негіз болып табылады. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі - 2 жыл;

19) мемлекеттік мекеме оқу жоспарының вариативтік компонентінің сағаттарын мемлекеттік мекеме ғимаратынан тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында,

шараларында, қосымша білім беру үйымдарында және т. б.) еткізуге құқылы;

20) сыйныптар тізбесі мемлекеттік білім беру стандартында айқындалған пәндерді зерделеу кезінде кемінде 20 оқушы санымен 2 кіші топқа бөлінуі мүмкін. Таңдау бойынша факультативтік сабактар мен курстар топтарда кемінде 12 адам болған жағдайда өткізіледі;

21) мемлекеттік мекемеде толық және толық емес күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық жұмыс істей алады. Мектепке дейінгі шағын орталық заңды тұлға болып табылмайды, мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жакты дамыту және баланы тәрбиелеу мен оқытуды үйымдастыруды олардың ата-аналарын консультациялық-әдістемелік қолдау, балаларды әлеуметтік бейімдеу мақсатында құрылады;

22) шағын орталыққа қабылдау мектепке дейінгі білім беру үйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау қағидалары негізінде жүргізіледі. Балаларды қабылдау үшін құжаттар тізбесі мектепке дейінгі білім беру үйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау қағидаларымен және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік стандартымен айқындалады;

23) мемлекеттік мекеме деңсаулық жағдайы туралы медициналық корытындыға сәйкес оқушылармен үйде сабак өткізуі қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулықтарына сәйкес аптасына оку сағаттарының саны бөлінеді, кесте жасалады, бұйрықпен педагогтердің дербес құрамы айқындалады, өткізілген сабактар журналы жүргізіледі. Ата-аналар (заңды өкілдер) үйде сабак өткізу үшін жағдай жасауға міндettі;

24) оку сабактары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен басталады және аяқталады. Оку жылының ұзақтығы, оның ішінде оку апталары мен каникул Саны білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілеріне сәйкес айқындалады;

25) мемлекеттік мекемеде мынадай жұмыс және сабак режимі белгіленуі мүмкін: сабактың басталуы бірінші ауысымда – 8:00 (8:30 немесе 9:00) сағат, екінші ауысымда – 13:30 (14:00) сағат. Сабак кестесін мемлекеттік мекеменің директоры не оны алмастыратын адам бекітеді. Сабак кестесінде оку сабактарының күнделікті саны, ұзақтығы мен реттілігі, сондай-ақ сабактар арасындағы үзілістердің ұзақтығы көрсетіледі. Мектептегі сабак кестесінің мәселелері қолданыстағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен реттеледі. Сабак кестесі уәкілетті органдар және (немесе) лауазымды адамдар белгілеген шектеу шараларына негізделген эпидемиологиялық жағдайға сәйкес өзгеруі мүмкін;

26) сабактар арасындағы үзіліс кезеңінде мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ата-аналар мен өкілдердің, жалпыға

міндетті оку қорының қаражаты есебінен мектеп асханасында жүзеге асырылатын білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастырады;

27) мемлекеттік мекемедегі тәртіп білім алушылардың, тәрбиленушілердің, педагогтердің адамдық қадір-қасиетін құрметтеу негізінде сақталады. Білім алушыларға қатысты күш көрсету және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді;

28) оку-тәрбие процесін жүргізуге қолайлы жағдайлар жасау, окушылардың аурушаңдығының профилактикасы, алдын алу және азайту, санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтау, емдеу іс-шараларын жүргізу, медициналық қарап-тексеруден өту мақсатында мемлекеттік мекеме қамтамасыз етілетін білім алушыларға, оның ішінде мейірбикемен бірге медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен (емханамен) шарт жасасады, мемлекеттік мекеменің әкімшілігі мен педагогикалық персоналы білім алушылардың денсаулығы мен дene бітімінің дамуына жауапты болады;

29) мемлекеттік мекеменің директоры ата-аналар комитетімен, қамкоршылық кеңеспен келісім бойынша мектеп формасын білім беру ұйымында белгіленген стильде және оны киу тәртібінде бекітеді;

30) міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген жалпы талаптарға сәйкес болуы қажет;

31) мемлекеттік мекемеде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді. Мемлекеттік мекеме зайырлы және діни білім берудің бөлектілік қағидатын сақтауға міндетті. Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді;

32) инклузивті білім беру мақсаттарын іске асыра отырып, мемлекеттік мекеме ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды білім алудың, дамудың бұзылуын түзетудің және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімделудің арнайы жағдайларымен қамтамасыз етеді. Мемлекеттік мекемеде ата-аналардың (занды өкілдердің) мұдделерін ескере отырып, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды жалпы сыныпта (екі баладан артық емес) үлгілік оку бағдарламасы, оның ішінде қыскартылған немесе жеке оку бағдарламасы бойынша және (немесе) арнайы сыныптарда арнайы оку жоспарлары мен бағдарламалары бойынша дамудағы бұзушылықтардың түрлері бойынша оқыту көзделген. Жалпы және (немесе) арнайы сыныптарда оқыту ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін арнайы педагогтер (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопед, логопед) түзету сабактарын өткізеді. Мемлекеттік мекемеде логопункт өз жұмысын тұрақты негізде жүзеге асыра алады. Логопункт ашу Қарағанды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрығымен ресімделеді;

33) мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта белім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың ұлгілік қағидалары негізінде жүргізіледі. Балаларды қабылдауға арналған құжаттардың тізбесі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдау қағидаларында және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік стандартында айқындалады. Сыныптан сыйыншқа ауыстыру үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен жүзеге асырылады;

34) білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылаудың, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі;

35) қорытынды аттестаттаудан табысты өткен түлектерге мемлекеттік мекеменің мөрімен расталған тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі;

36) он алты жасқа дейінгі білім алушыларды окудан шығаруға ерекше жағдайларда Қарағанды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім белімі» ММ-нің шешімі бойынша құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, мемлекеттік мекеменің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны, білім беру үйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін жол беріледі;

37) білім алушылар, педагогтер, ата-аналар және білім алушылардың өзге де заңды өкілдері жалпы білім беру процесінің қатысушылары болып табылады;

38) білім алушылар құқылы:

- тегін жалпы орта білім алуға;
- қызметтің әртүрлі түрлеріндегі ерекше жетістіктері үшін көтермелеге;
- медициналық қызмет көрсетуге;
- кітапхана қорын тегін пайдалану;;
- қосымша (ақылы) білім беру қызметтерін алуға;
- мекемені басқаруға қатысуға;
- адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, ар-ождан мен ақпарат бостандығына, өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге.

39) мемлекеттік мекеме зайдырылыш және діни білім берудің бөлектілік қағидатын сақтайды. Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді;

40) білім алушылар міндетті:

- мемлекеттік мекеменің жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін орындауға;
- мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға және адал оқуға;
- мемлекеттік мекеменің басқа білім алушылары мен қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- мемлекеттік мекеме белгілелеген мектеп формасын киу.

41) ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары бар:

- мемлекеттік мекеме ұсынатын мүмкіндіктер шенберінде оқу нысанын таптауда;
- білім алушының жеке бейімділігі мен ерекшеліктері;
- қамкоршылық кенес немесе ата-аналар комитеті арқылы мемлекеттік мекемені басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- білім алушының ұлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты акпарат алуға;
- білім алушыны оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек алу;

42) ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер міндетті:

- білім алушының өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау, зияткерлік және физикалық күштердің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз ету;
- білім алушының мектепалды дайындығын қамтамасыз ету;
- мемлекеттік мекеменің жарғысында белгіленген ережелердің орындалуын қамтамасыз ету;
- білім алушының мемлекеттік мекемеде сабакқа қатысуын қамтамасыз ету;
- білім алушының мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен абырайына құрметпен қарауын қамтамасыз ету;
- мемлекеттік мекемеде белгіленген мектеп формасына, оны киюдің стилі мен тәртібіне қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;
- ішкі тәртіп ережелерінің орындалуын, мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауды қамтамасыз етеді;
- залал келтірілген жағдайда мемлекеттік мекеменің мүлкін толық қалпына келтіруді немесе өтеуді қамтамасыз етуге;
- сабактан тыс уақытта, оның ішінде каникулдық уақытта білім алушының бос уақытын, жұмыспен қамтылуын және тәрбиесін ұйымдастыру үшін толық жауапты болу;

43) мемлекеттік мекемені басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Алқалық басқару нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогикалық кенес болып табылады;

44) мемлекеттік мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады;

45) директор жауапты:

- мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің біліктілік деңгейіне, оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының іске асырылуына, білім алушылардың білім сапасына, өмірі мен денсаулығына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру процесі кезінде білім алушылар мен мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына;

- лауазымдық нұсқаулықпен белгіленген нормативтік актілерді, басқару органдарының бүйрықтарын, лауазымдық міндеттерді дәлелді себептерсіз

орындағаны немесе тиісінше орындағаны, оның ішінде берілген жаңыктарды пайдаланбағаны үшін;

- білім алушының тұлғасына физикалық және (немесе) психикалық жарлық-зомбылықпен байланысты тәрбиелеу әдістерін қолданғаны, оның ішінде бір рет қолданғаны, сондай-ақ өзге де өнегесіз теріс қылыш жасағаны үшін директор еңбек заңнамасына сәйкес атқаратын лауазымынан босатылуы жүркін;

-ерт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау ережелерін, оқу-тәрбие процесін үйіндістардың санитарлық-гигиеналық ережелерін бұзғаны үшін директор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке нарушлады;

- мемлекеттік мекеменің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жаңнамасында «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» КР Заңында көзделген іс-шараларды іске асырады.

46) тиісті бейіндер бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар педагогикалық қызметпен айналысуға жіберіледі. Жұмысқа азамадар жіберілмейді:

- медициналық қарсы көрсетілімдері бар;

- психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте түрлендірілгендер. Жыл сайын жылына бір рет, оку жылының басында педагог өзінің психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте түрмайтындығын кез келген заңды тәсілмен растайды;

- соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес Педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығы;

- қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылғандар;

- қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде;

47) жұмысқа қабылдау кезінде директор азаматтық қызметшінің тиісті бос лауазымдарына орналасуға қойылатын біліктілік талаптарын басшылыққа алуға міндетті. Тиісті білімсіз педагогикалық қызметпен айналысуға жол берілмейді. Педагогикалық лауазымдар бойынша азаматтарды қабылдау тәртібін бұзғаны үшін директор дербес жауапты болады. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері тиісті лауазым немесе қызмет түрі үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді;

48) мемлекеттік мекемені басқару нысандарының бірі педагогикалық кеңес болып табылады. Педагогикалық кеңестің құрамына: директор (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Мемлекеттік білім беру мекемесінің педагогикалық кеңесінің отырысына ата-аналар комитетінің немесе қамқоршылық кеңесінің мүшелері шақырылады. Педагогикалық кеңестің құрамы оку жылына арналған директордың бұйрығымен бекітіледі. Педагогикалық кеңес өз құрамынан бір жыл мерзімге хатшы сайлайды;

49) педагогикалық кеңес қарастырады:

- мемлекеттік мекемеде құқықтық актілерді орындау бойынша іс-шаралар;
- оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстың жағдайы, оқытудың барлық түрлері бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелері, оқытудың жаңа технологияларын енгізу;
- оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мәселелері;
- қорытынды аттестаттауды өткізу, білім алушыларды емтихандарға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтихандардан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайта курска қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағаздарымен жарапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіргені туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргені туралы аттестат, үздік аттестат беру мәселелері; жалпы орта білім туралы аттестат, белгіленген үлгідегі анықтама;
- педагогтарды оқу жүктемесін бөлу, алдын ала тарифтеу, аттестаттауға дайындау, марапаттау және көтермелеге мәселелері;

50) педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін, педагогикалық кеңестің отырысында қаралатын және мемлекеттік мекеменің директоры бекітетін жоспарға сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық кеңес жылына кемінде бес рет жиналады.

15. Мемлекеттік мекеменің осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жок.

16. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген қызмет мақсаттарына қайшы не оның директорының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі: Қарағанды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім бөлімі» ММ, Қарағанды облысы әкімдігінің, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тaraу. Мемлекеттік мекемені басқару

17. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қарағанды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

18. «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мұлікті мемлекеттік мекемеге бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеменің жарғысын, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді.

«Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметтің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта берілге жазбаша келісім береді;

2) «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ келісімі бойынша мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

3) өзіне осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қарағанды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім белгімі» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, жаңыптастыру тәртібін және өкілеттіктерінің мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4) мемлекеттік мекеме директорының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босатудың негіздерін белгілейді;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

6) мемлекеттік мекеменің даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

7) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

8) мемлекеттік мекеме директорының ұсынуы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

9) өзіне осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мекеменің директорын білім беру саласындағы үәкілетті орган бекіткен тағайындау қағидаларына сәйкес Қарағанды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім белгімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметке тағайындейды және қызметтен босатады.

20. Мемлекеттік мекеменің директоры мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Қарағанды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім белгімі» мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

21. Мемлекеттік мекеменің директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Мемлекеттік мекеме директорының мемлекеттік мекеменің жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

23. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеменің директоры:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлердің қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелей шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
- 10) өзінің орынбасарлары мен мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 11) сыйайлас жемқорлықта қарсы заңнаманы сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырады, оның ішінде білім беру ұйымында сыйайлас жемқорлықтың профилактикасы және алдын алу бойынша шаралар қабылдайды;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және Караганды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тaraу. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

24. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың есебінен қалыптастырылады:

- 1) оған меншік иесі берген мүлікті;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

26. Мемлекеттік мекеменің қызметі Қарағанды облысының бюджетінен қаржыландырылады.

27. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есептілік ұсынады.

28. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және ревизиялау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

29. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі Еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

30. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы шешімді қабылдаған құрылтайшының немесе органның шешімі бойынша жүргізіледі және «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

31. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру тарату Қарағанды облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

32. Мемлекеттік мекеме заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

33. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды

«Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесімен
байынша «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ жүзеге
ақырады.


34. Таратылған мемлекеттік мекеменің кредиторлардың талаптарын
жүргіттандырғаннан кейін қалған мүлкін «Қарағанды облысының экономика
басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

35. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның
мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың
талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің
кірісіне есептеледі.

9-тaraу. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

36. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

«Қарағанды облысы білім
басқармасының Осакаров ауданы
білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің директорының м.а.



А. Д. Таукелова

(қолы)